Бекітемін
Абай атындағы мәдени-демалыс кешенінің директоры
_____А.А.Кулбаев
«_____»_____2025ж.

Келісілді
Ақтау қалалық мәдениет, дене шынықтыру және спорт бөлімінің басшысы
_____Е.Н. Мусагалиев
«_____»_____2025 ж.

«Ақтау – Түркі әлемінің мәдени астанасы» аясында «Жыр – ғұмыр» қалалық
жыршы-термешілер байқауын өткізу
ЕРЕЖЕСІ

Ақтау қалалық мәдениет, дене шынықтыру және спорт бөлімінің қолдауымен, Абай атындағы мәдени-демалыс кешенінің ұйымдастыруымен **«Жыр – ғұмыр»** қалалық жыршы-термешілер байқауы өткізіледі.

Байқау 2025 жылы 28 наурыз, сағат 10.00-де Абай атындағы мәдени- демалыс кешенінің үлкен залында өтеді.

Байқаудың мақсаты:

- Көне күндердің өшпес рухын таңбалап, ғасырлар шегінен көктей өтіп, біздің заманымызға жеткен, халқына қадірі арта түсетін асыл жырлар мен термелерді насихаттау.
- Жас жыршы-термешілерді байқауға қатыстыру арқылы олардың ұлттық отаншылдық сезімін ұштап, еліне деген махаббатын арттыру, әлі таныла қоймаған жыршы-термешілерді, жас дарындарды анықтап халыққа таныту.
- Ғасырлар бойы бабалар арманымен, ерлік істерімен қол жеткізілген, шайырлар мен қайқылар өз жырларына арқау еткен Тәуелсіздігімізді насихаттау;
- Еліміздегі дәстүрлі өнерді кеңінен насихаттап, оның қыр-сырын халыққа сазды әуен, нақыл сөз арқылы жырмен жеткізген қазақ халқының төл өнерін, ұрпақтан-ұрпаққа сабақтастықпен жалғастыру.

Байқаудың шарттары мен өткізілуі:

- Байқау **28.03.2025ж** күні, сағ.: 10.00, Абай ат.МДК үлкен залы
- Байқауға 16-35 жас аралығындағы өнерпаздар қатыса алады.

- Байқау екі кезеңнен тұрады:

- 1 кезең

1.Өзін таныстыру(3-5 мин.)

2.Маңғыстау ақын- жырауларынан өз қалауы бойынша(5-7 мин.)

-2 кезең

1.Батырлық дастандардан, «Қырымның қырық батыры», «Қармыс батыр», «Балуанияз батыр», «Тоғыз ауыл», «Досан батыр» дастандарынан үзінді. Өз қалауы бойынша (10-15 мин.)

Сайысты қортындылау:

- Байқауды кәсіпқой мамандардан құралған әділқазылар алқасы төмендегідей талаптар бойынша бағалайды:
- Орындаушының жеке шығармашылық мүмкіндігін байқатуы;
- Шығарманы орындау барысында түрлі мақам-саздарды қолдануы;
- Орындаушының жыр қорының молдығын, сахна мәдениетінің деңгейін көрсетуі.
- Қазылар алқасы жүлделі орындарды белгілемеуге, жүлделі орынды бөліп беруге құқылы. Қазылар алқасының шешімін қайта қаралмайды.
- Байқаудың жеңімпаздары арнайы дипломдармен марапатталады.

Тапсырыс беру шарттары

- Байқауға қатысушы үміткерлер ұйымдастыру алқасына төмендегідей қосымша құжаттар тапсыруы тиіс:
- Байқауға қатысу жөнінде өтініш.
- Орындаушының жеке куәлігінің көшірмесі, мекен жайы, аты-жөні, телефондары.

Байқауға қатысушылардың өтініштері: 20 наурыз, сағ.:17.00 дейін қабылданады.
Мекен жайы: 4 ш/а Абай атындағы МДК, **203** каб.
Электрондық поштасы: **dk-abai@mail.ru**
Байланыс телефондары: **8 777 399 92 90**

Ескерту:

- ***Қалалық «Жыр-ғұмыр» байқауының «БАС ЖҮЛДЕ» иегерлері байқауға қатыстырылмайды.***
- ***Көрсетілген уақыттан кеш тапсырылған құжаттар қабылданбайды***
- ***Онлайн құжат жіберген болсаңыз көрсетілген байланыс телефонына қоңырау шалып ескертілуі қажет.***

Ұйымдастыру алқасы.

««Жыр – ғұмыр» қалалық
жыршы-термешілер байқауын қатысуға
ӨТІНІМ

Аты –жөні: _____

Жас мөлшері: _____

Мекен-жайы: _____

Оқу немесе жұмыс орны: _____

Ұстазы _____

Байланыс телефондары: _____

Туу туралы куәлік нөмірі: _____

Орындайтын шығармасы: 1 кезең _____

_____

2 кезең _____

_____

_____ «____»_____ 2025 ж.

(қолы)